

Диоксиндер, полихлорланған бифенилдер
және басқа да полигалогенделген
көмірсулар. Тағам өнімдерін ластау көзі
ретінде.

Орындаған: Әшірбаева Динара

Вет.сан 305

Диоксиндер — полихлорланған дибензодиоксиндер (ПХДД) және соларға ұқсас полихлорланған дибензофурандар (ПХДФ) — класына жататын улы химиялық заттектер. Диоксиндер мен фурандар химиялық, целлюлоза-қағаз, металлургия және өнеркәсіптің басқа да салаларының қосымша ластағыш заттектері болып табылады. Олар сондай-ақ өнеркәсіптік және тұрмыстық қоқысты, қорғасын қосылыстары бар бензинді, қозғалтқыш отынын және т.б. жаққан кезде түзіледі. Өте тұрақты қосылыс болғандықтан (топырақтағы жартылай ыдырау кезеңі шамамен 10 жыл) Диоксиндер топырақта, өсімдікте, жануарда және адам организмінде жиналады. Қоршаған ортаға өнеркәсібі дамыған елдерде Диоксиндер едоуір мөлшерде шығарылады Мысалы, Канадада жыл сайын Диоксиндердің 1,5 т-ға дейін мелшері шығарылады. Диоксиндердің канцерогендік және мутагендік қасиеттері бар екені анықталды. Шетелде (Германия, Швеция, Вьетнам, АҚШ және т.б.) Диоксиндердің адам организмне әсері зерттелді. Диоксиндер көбіне туудың төмендеуіне, ақыл-есінің дамуында ауытқулар бар балалар санының артуына, жаңа туған нәрестелердің арасында өлімнің өсуіне және т. б. себепші болады. Сондықтан АҚШ, Жапония, Италия, Германия, Голландия және т. б. елдерде Диоксиндер проблемасы 1980 жылдардың басынан бастап ұлттық бағдарлама негізінде шешіледі. Қоршаған орта объектілеріндегі Диоксиндер мөлшері үнемі бақылауға алынып отырады, Диоксиндердің түсу мөлшерін кеміту жөнінде шаралар қолданылады және т.б







